

Автомобиль көлігі саласында лицензиялау ережесін, соның ішінде лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қантардағы N 29 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 544 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі және " Автомобиль көлігі туралы " 2003 жылғы 4 шілдедегі Зандарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Автомобиль көлігі саласында лицензиялау ережесі, соның ішінде лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.
2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 19 қантардағы

N 29 қаулысымен

бекітілген

Автомобиль көлігі саласында лицензиялау ережесі, соның ішінде лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Автомобиль көлігі саласында лицензиялау ережесі, соның ішінде лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының " Автомобиль көлігі туралы " 2003 жылғы 4 шілдедегі және " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі Зандарына сәйкес әзірленді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауға, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауға лицензиялар беру тәртібі мен шарттарын белгілейді.

3. Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына арналған лицензияны уәкілетті орган (бұдан әрі - лицензиар) береді.

4. Біліктілік деңгейі осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін жеке және

занды тұлғалар автомобиль көлігі саласында лицензиялау субъектілері болып табылады.

2. Лицензиялауға жататын қызметтің түрлері

5. Автомобиль көлігі саласында лицензиялауға қызметтің мынадай түрлері жа та ды :

- 1) қауіпті жүктерді тасымалдау;
- 2) жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдау.

3. Лицензияларды берудің тәртібі

6. Жеке және занды тұлғалар лицензия алу үшін лицензиарға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) өтініш берушінің осы Ереженің 23-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;
- 3) лицензиялық алымның енгізілгенін растайтын құжаттар;
- 4) занды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі және жеке кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі.

7. Лицензия беру туралы (беруден бас тарту туралы) шешімді лицензиар барлық қажетті құжаттармен бірге өтінішті алған күннен бастап бір ай мерзімнен , ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін он күн мерзімнен кешіктірмей қа б ы л д а й д ы .

Өтініш берушінің лицензиялау туралы ұсынған құжаттарын қарау кезінде сараптама жүргізіледі.

8. Қызметтің мәлімделген түріне және тасымалдардың ерекшеліктеріне байланысты лицензиялар мынадай белгілермен белгіленеді:

- 1) жүктерді халықаралық тасымалдауға арналғаны - "Жұк";
- 2) жолаушыларды халықаралық тасымалдауға арналғаны - "Ж";
- 3) жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауға арналғаны - "ЖұкЖ"
";
- 4) қауіпті жүктерді тасымалдауға арналғаны - "ҚЖ".

Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған лицензияда қауіпті жүктің түрі (сыныбы), сондай-ақ оның қолданылуының аумақтық аясы көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдарға арналған; халықаралық тасымалдарға арналған.

9. Лицензиялық алымды занды және жеке тұлғалар лицензия алғанға дейін енгізеді. Оның мөлшері мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді.

4. Лицензияның бар екенін растайтын құжаттарды ресімдеу

10. Әрбір көлік құралына лицензия ресімдеумен бір мезгілде автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауға, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауға арналған лицензияның (бұдан әрі - есептік құжат) бар екенін растайтын құжат ресімделеді. Есептік құжат осы көлік құралын лицензияланатын қызметке пайдалануға рұқсат беретін куәлік те болып табылады.

11. Есептік құжат автомобиль-тартқышқа жеке және тіркемеге жеке беріледі. Бір тұлғаға қызметтің екі түріне лицензиялар беру кезінде - көлік құралына берілген лицензияға сәйкес келетін екі есептік құжат ресімделеді. Есептік құжаттарды беру ақысыз жүзеге асырылады.

5. Лицензияларды қайта ресімдеу

12. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес лицензиясын жоғалтқан жағдайда лицензиаттың телнұсқа алуға құқығы бар. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша он күннің ішінде лицензияның телнұсқасын беруді жүргізеді. Бұл ретте лицензиат лицензиялық алым төлейді.

13. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір ай мерзімде лицензиарды жазбаша түрде хабардар етеді. Бұл құжаттар жеке тұлғаның лицензиялық ісіне тігіледі.

14. Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері өзгерген жағдайда ол осы мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір айдың ішінде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруі тиіс.

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күннің ішінде лицензияны қайта ресімдейді. Бұл ретте лицензиат лицензиялық алым төлейді.

15. Лицензияларды қайта ресімдеген кезде көлік құралына арналған есептік құжаттар да қайта ресімделеді.

6. Лицензияның қолданылу шарттары

16. Лицензияның қолданылу шарттары, соның ішінде лицензия беруден бас тарту, лицензияның қолданысын тоқтату, лицензияны қайтарып алу және оның қолданысын тоқтата түру тәртібі "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңымен реттеледі.

7. Есепке алу және есептілік

17. Лицензия қатаң есептілік бланкісі болып табылады, бағалы қағаз деңгейінде қорғанымдық дәрежесі, есептік сериясы, нөмірі болады және баспахраналық тәсілмен дайындалады. Оның берілуі заңды тұлғаға сенімхат бойынша, жеке тұлғаға - жеке куәлігі көшірмесінің негізінде жүзеге асырылады.

18. Лицензиялық құжаттардың бланкілерін есепке алу лицензиар белгілеген қатаң есептілік бланкілерін есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Жауапкершілік және бақылау

19. Алым төлеген тұлғалар лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге дейін лицензия алудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль көлігімен қауіпті жүктөрді тасымалдау, жолаушылар мен жүктөрді халықаралық тасымалдауды лицензиясыз не лицензиялық нормалар мен ережелерді бұза отырып жүзеге асыру "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

20. Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен жолаушылар мен жүктөрді, қауіпті жүктөрді халықаралық тасымалдауды лицензиясыз не лицензиялық нормалар мен ережелерді бұза отырып жүзеге асыру "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

21. Лицензиар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялық нормалар мен шарттардың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

22. Лицензияның қызметін тоқтатуға байланысты даулар заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

9. Біліктілік талаптары

23. Автомобиль көлігімен қауіпті жүктөрді тасымалдау, жолаушылар мен жүктөрді халықаралық тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары:

1) меншік құқығындағы, жалдау шарты немесе сенімхат негізіндегі автокөлік құралының;

2) жолаушыларды немесе қауіпті жүкті тасымалдау кезінде көлік құралының жүргізушиңде тиісті санаттағы жүргізуші ретіндегі кемінде 3 жыл үзіліссіз жұмыс

өтілінің;

3) автокөлік құралының жолаушылар мен тамақ өнімдерін, сондай-ақ тасымалдануы автокөлік құралының қолданылып жүрген заңнамалар мен нормативтерде белгіленген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкестігін талап ететін жүктөрді тасымалдауға жарамдылығы туралы санитарлық паспорт түріндегі санитарлық қадағалау органдары қорытындысының;

4) жүргізушиңі қауіпті жүкті тасымалдауға жіберу туралы қуәліктің (қауіпті жүктөрді тасымалдауға лицензия алу үшін);

5) автокөлік құралын қауіпті жүкті тасымалдауға жіберу туралы қуәліктің (қауіпті жүктөрді тасымалдауға лицензия алу үшін);

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген сақтандырудың міндепті түрі шарттының болуын қамтиды.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 19 қаңтардағы

N 29 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауды, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауды лицензиялаудың тәртібі мен шарттары және біліктілік талаптары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 желтоқсандағы N 1621 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы 1996 ж., N 52, 506-күжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жолаушылар көлігі мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 наурыздағы N 251 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1998 ж., N 9, 62-күжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 желтоқсандағы N 1621 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 наурыздағы N 277 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 10, 82-күжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне Қазақстан Республикасында көліктегі қызметті лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 тамыздағы N 1095 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2001 ж., N 30, 388-күжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 1165 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2003 ж., N 44, 474-күжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.